

Хаттама №9

«Тасарық» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2023 жылдың 20 маусымы күні кезекті педагогикалық кеңес өтті.

Қатысуға тиіс-25

Қатысқаны-23

Дәлелді себептермен қатыспағаны-2

Күн тәртібінде:

1. Мектеп бітірушілердің 9-11 сынып оқушыларының қорытынды аттестациясы, 2023-2024 оқу жылына пән мұғалімдерінің еңбек жүктемесінің жобасын талдау. /Б.Аханова/
2. «Қуаныш» шағын орталығындағы оқу жылындағы қамтылған мақсаттардың орындалуы, нәтижелері, қорытынды. /Г.Таштитова/
3. Жыл қорытындысы және аттестат беру туралы. /Ә.Кеулімжай/
4. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. /С.Кәрібай/

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова мектептегі 9-11 сынып оқушыларының қорытынды аттестациясы, 2023-2024 оқу жылына пән мұғалімдерінің еңбек жүктемесінің жобасы туралы баяндады. 2022-2023 оқу жылында 9 сынып оқушыларымен 02 маусым - 13 маусым аралығында төрт пәннен мемлекеттік емтихан өткізілді. Емтиханға оқушылар түгел қатысты. Осы сыныпта денсаулығына байланысты ерекше білім беруге қажеттілігі бар бір оқушы заңдылыққа сәйкес емтиханнан босатылып, келесі сыныпқа емтихансыз көшірілді.

11- сынып бойынша биылғы мектеп бітіруші оқушылар 03 маусым- 19 маусым аралығында бес пәннен емтихан тапсырды. Қатысуға тиісті 6 оқушы емтиханға түгел, белсенді қатысты. Емтихан қорытындысы бойынша төрт оқушы «үздік» екі оқушы «екпінді» деңгейде болды. Бүгінгі педагогикалық кеңестен екі оқушыға негізгі орта мектепті бітіргендігі туралы «Үздік аттестат», 8 оқушыға негізгі орта мектепті бітіргендігі туралы аттестат, сондай-ақ екі оқушыға жалпы орта мектепті бітіргендігі туралы аттестат, төрт оқушыға жалпы орта мектепті бітіргендігі туралы «Үздік аттестат» берілуі туралы шешім етуін сұраймын.

Аудандық әдістемелік кабинет тарапынан алдағы «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқаулық, ерекшеліктері туралы нұсқау жасалды. Сол бойынша алдағы оқу жылына пәндерді оқытудағы ерекшеліктер мен сағаттық жүктемелер туралы жобасы жасалды. Бірлестік жетекшілері әдістемелік бірлестіктер құрамындағы педагогтардың жетістіктеріне, білім сапасын мониторинг жасап, сараптамалар жасады. Келесі оқу жылында осы мониторинг нәтижелері жүктемелер мен жауапкершіліктер жүктеуде ескеріліп, бөлінетін болады. Әр педагогтың мүмкіншіліктері мен шығармашылық әлеуеті назарға алынып, тиісті әдістемелік көмектер жасалып, бағыттар жасалады.

Ұсыныс: 1) 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижесімен 9-сыныптың сегіз оқушысына негізгі мектепті бітіргендігі туралы жай, екі оқушысына үздік оқығаны үшін «Үздік аттестат», 11-сыныптың екі оқушысына жалпы орта мектепті бітіргендігі туралы жай, төрт оқушысына «Үздік аттестат» белгісі туралы аттестаттар берілсе.

2) 2023-2024 оқу жылында сағаттық жүктемелер мен жауапкершіліктер бөлінісінде әрбір педагогтың мүмкіншіліктері мен шығармашылық әлеуеті назарға алынып, жетістіктері бойынша жүктемелер бөлінсе.

Екінші мәселе бойынша мектеп жанынан құрылған «Қуаныш» шағын орталығындағы биылғы оқу жылындағы жоспар бойынша қамтылған мақсаттардың орындалуы, нәтижелері, қорытындысы туралы шағын орталықтың әдіскері Г.Таштитова шығып баяндады. Ол өз сөзінде:

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында «Қуаныш» шағын орталығына мөлтек аудан бойынша 26 тәрбиеленуші қабылданды. «Балбөбек» тобы – 12 бала, «Балауса тобы» -14 бала

Мониторинг қорытындысы бойынша: Қыркүйек айында - 62,8 %,

Қаңтар айында - 88,3 %, Мамыр айында сілтеме арқылы толтырылып 100 % құрады
Жылдық мақсаты: Ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру, өмірлік оң көзқарастарға тәрбиелеу.

Міндеттері: балалардың тәрбиеші әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу;- баланың қызығушылығын туғызу;- баланың белсенділігін арттыру;- оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.

Шағын орталық тәрбиеленушілерімен мерекелік іс – шаралар өз деңгейінде өткізілді.

Қазалы аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен **1 мамыр «Халықаралық балалар күні»** мерекесіне іс – шара жоспары жасалып аймақтар арасында

17 мамыр күні **«Өзімнің ойыншығымды сыйға тартамын»** акциясы өткізіліп тәрбиеленуші балалар бір-бірлеріне сыйлықтарын табыс етті.

23 мамыр күні **«Балалар фильмдері мен мультфильмдері шеруі»** акциясына **«Жақсылық пен жамандық»** ертегісі назарларына ұсынылды.

25 мамыр күні Жанкент ауылдық округінде **№ 5 «Аққоян»** балабақшасы базасында ұйымдастырылған ертегіні сомдау акциясына **«Шалқан»** ертегісінен сахналық қойылым көрсетті.

26 мамыр күні Қазалы қаласындағы **№ 3 «Өрімтал» бөбекжай балабақшасында «Балдәурен»** би байқауы болып өтті. **«Қуаныш»** шағын орталығының бүлдіршіндері қатысып **«Асатаяқ»** биін өз деңгейінде орындап **Алғыс** хатпен марапатталды.

Ата-аналармен жұмыс.

Ата-аналармен бірлесе отырып мынадай жұмыс түрлері атқарылады: ата-аналар жиналыстары; отбасы жөнінде мәліметтер толтыру; әр түрлі тәрбиелік шараларға, сауалнама жүргізу, әңгімелесу.

Ата-аналар жиналысы **«Баланы ерте жастан тәрбиелеу»** деп аталады. **«Сіз қандай ата-анасыз?»** деген тақырыпта сауалнама жүргізілді.

Осындай жұмыс түрлері арқасында ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі артты, балабақша ұжымына деген сенімдік, құрметтеу белгілері жоғарылады.

Балалармен жеке жұмыс жасау жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін көзделді. Балалардың меңгерген және жеткілікті деңгейде меңгерген білім деңгейлері қорытынды білім деңгейіне сай бағаланды.

2023-2024 оқу жылына келесі мақсаттар мен міндеттер қойылды.

- Мақсаты: Тәрбиеленушілердің тілін дамытудың тиімді жолдары

-Міндеттері: Сабақта жаңа технология әдістерін қолдана отырып, баланың білімі мен біліктілігін дамыту.

- Баланың жас ерекшелігіне сай интеллектуалды мүмкіндіктерін, білім, дағды, іскерлік деңгейлерін, сабаққа дайындық деңгейін көтеруге;

- Қабілеті жоғары және төмен балалармен саралау жұмыстарын іс жүзіне асыру, білім алушыларды тұлға ретінде қалыптастыру.

- дарынды, қабілетті балалардың шығармашылығын дамыту арқылы нәтижеге жету;

- Баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына қол жеткізу.

Ұсыныс: «Қуаныш» шағын орталығында оқу жылындағы қамтылған мақсаттардың орындалуы, нәтижелері, қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылып, тәрбиеші педагогтардың біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыстар жандандырылса.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директоры Ә. Кеулімжай жыл қорытындысы және аттестат беру туралы айтып өтті. «Білікті бірді жығады, білімді мыңды жығады», - деген білімді оқушылардың асар биігі алда екендігі сөзсіз. Ертең мектеп ұжымы 9 және 11 жыл білімді үлкен жетістікпен аяқтап, мектеп мақтанышына айналып «Үздік аттестат» иесі атанып отырған оқушыларымызды мақтан етеді. Ендеше, ертеңгі салтанатты жиын талапқа сай таңертеңгі уақытта сағат 08:30-да басталып 40 минутта

аралығында аяқталу керектігін және оқушылардың ата-аналары балаларының аттестат алу салтанатына қатысуы, барынша қарапайым да талапқа сай болуы тиістігі баса айтылды. Сонымен қатар мерекелік шарадан соң сейілдеуге, табиғат аясы мен су жағалауларына баруға, көңіл көтеретін орындарға баруға, ата-аналар тарапынан дастархан жайып, сыйлықтар табыстауға ешқандай рұхсат етілмейтіндігі, оқушылардың қауіпсіздігі басты назарда болу керек екенін қатаң түрде ескертілді.

Келесі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы айтып, тоқталды. Жыл бойғы қауіпсіздік туралы ата-аналарға үнемі айтып, сынып жетекшілері, мектеп әкімшілігі тарапынан да үнемі қатаң бақылауда ұстап, қадағалап отырдық. Осы оқу жылында ауылдық полицияға тіркелген оқушыларымыз болған жоқ. Жыл бойы қадағалап жаднамалар таратып жүрміз. Жаз айларындағы балалардың өмір қауіпсіздігін сақтауды ата-аналарға да мұқият тапсырып, ескертіп отырмыз.

Мектепте мектеп бітіру кешін талапқа сай ұйымдастырып, өткізу кезінде бітірушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, құқық бұзушылықты болдырмау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, ата-аналармен ақпараттық- түсіндірме жұмыстарын жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай, сондай-ақ бітіруші сыныптардың сынып жетекшілеріне де міндеттеледі. Осы жұмыстарды бақылау жауапкершілігі мектеп басшысы ретінде өзіме де тікелей жүктеліп отыр. Сондықтан осы қорытынды кешімізді барлық жауапкершілікті сезіне отырып, абыроймен, талапқа сай атқарып шығу баршамыздың міндетіміз деп білемін.

Ұсыныс: Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жаз айларындағы барлық жауапкершілігіне жауапты болу ата-аналарға жүктелетіндігін ескерту, түсіндірме жұмыстарын жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға міндеттелсе.

Шығып сөйлеушілер:

1. **Математика пәнінің мұғалімі-М.Сердалиева:** Биылғы оқу жылы өз жоспарына сәйкес, жауапкершіліктермен, сондай-ақ өзіндік қиыншылықтарымен де өтті деп ойлаймын. Келесі оқу жылында пәнді тереңдетіп оқытып, неғұрлым жоғары жетістікке қол жеткізуге жұмыс жасаймын. Оқу жылының қорытындысымен үздік нәтижелерге жеткен оқушыларымыз біздің мақтаныштарымыз. Оларға ертеңгі салтанатта құрмет көрсетіліп, марапаттар берілгенін қуаттаймын. Осы сыныпқа 5-сыныптан бастап жетекшілік етіп келемін. ҰБТ-ке дайындықтары да жаман емес. Барлық іс-шараларда белсенділікпен, зор қызығушылықпен көрінетін осы оқушыларымыз шынымен де біздің үлгі етер мақтаныштарымыз екенін ата-аналар мен балаларға насихаттаған дұрыс деп білемін.
2. **Орыс тілі пәнінің мұғалімі- Ж.Асанова:** 2023-2024 оқу жылына сәттілік тілеймін. Әсіресе 11-сынып бітірушілеріне ҰБТ-дан өз деңгейлерінде, жоғары балл жинауына тілекшімін. Осы оқу жылы барысында жеке оқушымен жұмыс, ғылыми ізденіс, зерттеушілік бағытындағы жұмыстарға өз басым көбірек назар аударуға тырыстым, біршама кәсіби тұрғыдан алға қарай ілгеріледім деп ойлаймын. Алдағы уақытта өз жемісін көретініме сенімім мол. Алдағы оқу жылы барысында осы бағыттағы ізденіс, шығармашылығымды шыңдай түсемін. Биылғы үздік деп танылған оқушылардың белсенділігі жоғары. Олар марапатталып, мектептің мақтаныштары қатарын толықтырғанына қуаныштымы. Еңбек демалысы сәтті өтіп, келесі оқу жылына соны серпінмен, күш-қуатпен, аман-есен келулеріне тілекшімін.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижесімен 9-сыныптың сегіз оқушысына негізгі мектепті бітіргендігі туралы жай, екі оқушысына үздік оқығаны үшін «Үздік аттестат», 11-сыныптың екі оқушысына жалпы орта мектепті бітіргендігі туралы жай, төрт оқушысына «Үздік аттестат» белгісі туралы аттестаттар берілсін.
2. 2023-2024 оқу жылында сағаттық жүктемелер мен жауапкершіліктер бөлінісінде әрбір педагогтың мүмкіншіліктері мен шығармашылық әлеуеті назарға алынып, жетістіктері бойынша жүктемелер бөлінсін.

3. «Қуаныш» шағын орталығында оқу жылындағы қамтылған мақсаттардың орындалуы, нәтижелері, қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылып, тәрбиеші педагогтардың біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыстар жандандырылсын.

4. Мектепте мектеп бітіру кешін талапқа сай ұйымдастырып, өткізу кезінде бітірушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, құқық бұзушылықты болдырмау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, ата-аналармен ақпараттық- түсіндірме жұмыстарын жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға, осы жұмыстарды бақылау жауапкершілігі мектеп директоры Ә.Кеулімжайға жүктелсін.

5. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жаз айларындағы барлық жауапкершілігіне жауапты болу ата-аналарға жүктелетіндігін ескерту, түсіндірме жұмыстарын жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға міндеттелсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:
Хатшы:



Ә. Кеулімжай
А.Жарболова